

ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ
ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

ҒТАМР 16.21.33

Калимухашева Б.Д., Қадырқұлова А.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

b.kalimukhasheva@asu.edu.kz

МӘТІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бастауыш сыныпта мәтінді оқытудың теориялық ерекшеліктері және педагогикалық ұстанымдары талданып, мәтіннің құрылымдық – мазмұндық бөлімдерінің (тақырыбы, жоспары, мазмұны және түрі) ерекшеліктері туралы, теориялық білім бере отырып, мәтін құру білігі мен дағдысын қалыптастырудың тиімді жолдары мен әдіс тәсілдері қарастырылып, оқушыны мәтін құрып, ауызша және жазбаша сөйлеуге үйрету әдістемесін жасаудың жолдары іздестіріледі.

Негізгі сөздер: мәтін, шығарма сөз, тақырып, жоспар, мазмұны мәтіннің тұтастығы, толықтылық қисындығы, реттілік, мәтін құру, ауызша сөйлеу, жазбаша сөйлеу, байланыстырып сөйлеу, тиімді әдістеме, тиімді тәсілдер, білік, дағды, тілдік қатысым.

Мәтін туралы алғаш рет қазақ тіл білімінің ғылыми негізін салушылар – А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов еңбектерінде айтылған болатын. А.Байтұрсынұлы мәтінді «шығарма сөз» деп атап, сөйлеудің бірлігіне жатқызады.

«Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты – шығарма сөз, ол аты қысқартылып, көбінесе шығарма деп айтылады. Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын – бәрі шығарма болады. Шығарманың түрлері толып жатыр.

Шығарма сөздің бәрінен бұрын байқалатын тысқы нәрселері:

1. Тақырыбы. 2. Жоспары. 3.Мазмұны. 4.Түрі.

Тақырып – әңгімедегі пікір не нәрсе туралы болса, сол нәрсе шығарманың тақырыбы болады. Мәселен, пікір жаз туралы болса, шығарманың тақырыбы «жаз» болады. [1,263].

А.Байтұрсынұлы мәтіннің (шығарманың) тақырыптан, ал мәтін (шығарма) мазмұнының үш мүшеден, яғни аңдату, мазмұндау, қорытудан тұратынын көрсетті. Мәтіннің қатысымдық қызметін тудыруға қатысатын

айтушы ойының өзге үшін бағытталатынын алғашқылардың бірі болып айтты.

Жоспар. Сөз шығарудан бұрын шығарушы айтатын пікірін қай ретпен жазатынын мерзімдеп, жоспарлап алады: онысы неден бастап, неден соң нені айтып, немен аяқтайтынын белгілеп алады, я қағазға жазып алады. Қай шығарма сөзде де болса, жоспар болады.

Мазмұн. Шығарманың тақырыбынан басқасы мазмұны болады. Солай болған соң, мазмұн дегеніміз бір нәрсе туралы ойға алған пікірді айтуға жұмсаған бүкіл сөзіміз мазмұн болып шығады. Мазмұнның үш мүшесі болады: 1.Аңдату. 2.Мазмұндау. 3.Қорыту.

Мазмұнның аңдатуына мазмұн туралы алдын ала айтарға керек болған ғана ойлар айтылып шығады. Сондықтан мазмұнның бұл мүше мазмұн біткеннің бәрінде бола бермейді. Аңдату мүше шығармаларда керегіне қарай болады.

Мазмұндауында, ой тиегін ағытқан сияқты, айтайын деген пікірдің бәрі айтылады. Мазмұндау – шығарманың мазмұн мүшесінің ең зоры, онсыз шығарманың мазмұны болмайды. Мазмұнның қорытуында мазмұндауда айтылған пікірдің қорытылып, мағызы шығарылады. Қорыту мүше мазмұн біткеннің бәрінде бола бермейді, бұ да керегіне қарай болатын мүше.[2.96]

Сөйтіп шығарма мазмұнының аңдату, мазмұндау, қорыту – үш мүшесінің үшеуі де болуға ықтимал, басқалары болмай, жалғыз ғана мазмұндау болуға да ықтимал, кейде аңдату мен мазмұндау ғана болады, кейде мазмұндау мен қорыту ғана болады. Қ.Жұбановтың еңбектерінде, қазіргі тіл біліміндегі терминдік атаулармен берілмесе де, мәтін мәселесіне қатысты пікірлердің болғандығы анық байқалады. Көрнекті ғалым Қ.Жұбанов мәтінді «сөз» деп атайды.

Филолог – ғалымдар Б.Шалабай, М.Ахметова «Мәтін лингвистикасының негізгі мәселелері» атты мақаласында: «Мәтін лингвистикасы – мәтіннің мағыналық әрі құрылымдық жақтарын зерттеумен айналысатын тіл білімінің іргелі саласы. Жалпы тіл білімінде осы жаңа ғылыми саланың тез қарқынмен дамуы лингвистикалық зерттеулер ауқымының кеңеюімен, тіл біліміндегі функционалдық бағыттың дамуымен тікелей байланысты.

Мәтін – өте күрделі тілдік құрылым. Осы құрылымды айқындайтын басты белгілері – жүйелілік және тұтастық. Мәтіннің тұтастық категориясы сол мәтінді ұғынып, мәнін түсінгенде ғана пайда болатын, оның логикалық жағымен тығыз байланысты болса, ал оның жүйелілігі күрделі бірліктерді құрайтын тілдік құралдардың белгілі әдіс – тәсілдермен ұйымдасуынан көрінеді.

Қазіргі таңда лингвистикада мәтін әр тұрғыда зерттелініп, дамып келе жатыр. Атап айтқанда:

ОНТОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДА – мәтіннің болмысы, алатын орны, ауызекі тілден айырмашылығы;

гносеологиялық тұрғыда – мәтіндегі объективті шындықтың бейнесі, егер көркем мәтін болса, ақиқат әлемнің эстетикалық болмыстағы (идеалды әлемде) бейнеленуі;

лингвистикалық тұрғыда – мәтіннің тілдік ұйымдасуы;

психологиялық тұрғыда – мәтіннің қабылдануы;

прагматикалық тұрғыда – мәтін авторының объективті болмысқа және мазмұнға деген қатынасы сипатталады.

Ал мәтінді таза лингвистикалық тұрғыда алып қарастыру бірнеше бағыттармен жүзеге асады. Олар:

- басты белгілері тұтастық және жүйелілік болып саналатын мәтінді ең ірі тілдік жүйе ретінде зерттеу;

- қатысымдық параметрлермен және соған қатысты лингвистикалық белгілер негізінде ұйымдасқан мәтіннің типологиялық құрылымын тану;

- мәтінді құраушы тұлға – бірліктерді (единицаларды) айқындау;

- мәтіннің негізгі категорияларын сипаттау;

- әр түрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің мәтін бойындағы ерекшеліктерін анықтау;

- тұлға – бірліктер, бөлшектер құрамындағы фразеаралық (сөйлем) қатынастарды, байланыстарды зерттеу.

Бірін – бірі толықтырып отыратын тығыз байланыстағы бұл бағыттар мен жоғарыда көрсетілген аспектілер бірлесе келіп, мәтіннің табиғатын аша түсуге қызмет етеді. Мұның өзінен мәтіннің өте күрделі жүйемен құрылған құбылыс екенін түсінеміз.

Мәтін қатысымдық қызметке негізделетіндіктен, оқу арқылы қабылданатын ақпараттардың көзі ретінде жүзеге асады. Мәтіндерді игерту барысында баяндаушы жеткізетін хабарды қабылдаушы түсіну үшін мәтіннің құрылымы, мағынасы маңызды рөл атқарады. Мәтін оқу үдерісінде тіл үйренушілердің қарым – қатынасын іс жүзіне асыру өзегі ретінде және өзара түсіну, ойды жеткізу тұлғасы ретінде қолданылады.[3.113]

Мәтін сонымен қатар тұтастық, толықтық, қисындық (байланыстылық), реттілік, аяқталғандық сияқты ерешеліктерімен сипатталады. Мәтінді туғызу барысында автор қарым – қатынасқа қатысушы серіктесінің мәтінді түсінуін ескереді. Автордың көзқарасы тұрғысынан мәтінге тұтастық, мағыналық жағынан аяқталғандықтан тән.

Мәтінде сыртқы байланыстардың болмауы оны қабылдап түсінуге кедергісін тигізбейді, бұл мәтінде басқа байланыс құралдарының, яғни ішкі байланыстың болатындығын білдіреді. Мәтінді түсінуде ішкі байланыс басыңқы орын алады. Ол мәтінді тұтас құрылым ретінде қабылдауға мүмкіндік беретін негізгі құрал болып табылады. Мәтіннің формальды түрде берілген сыртқы байланысы болғанмен, оның ішкі байланысы болмаса, мәтінді түсіну қиынға соғады.

Мәтіннің тұтастығын анықтау оны бөліктерге даралау арқылы жүргізілетіндіктен, мәтін тұтастығын құраушы элементтердің арасындағы тұтастықты қамтамасыз ететін құралдар ғана мәтінді құрауға мүмкіндік

туғызады. Тілдік құралдар арқылы сомдалған ой, бейне, пікірдің құрылымын анықтау осы кезеңде өтеді. Сөз жеке тұрғанда заттың, қимылдың және т.б. атауы болып, номинативтік қызмет атқарса, тіл қарым – қатынастық қызмет атқарады. Тілдік қарым – қатынаста қолданып, қатысымдық байланысқа түскен сөз айтылатын ойға қатысты нақтылы мағынаны білдіреді және басқа тұлғалармен біртұтас қолданыла келіп, тиянақты ойды, мазмұнды көрсетеді.

Мәтінді түсіну мен қабылдау мен қабылдау процестерін қарастыруда Н.И.Жинкин грамматика мен семантикалық арақатынас мәселелеріне көп көңіл бөлді. Сонымен бірге ол мазмұн мен мағынаның өзара қатынасына, мәтіннің мағыналық жеткізу тәсілі болып табылады.

Мәтін мазмұны қарым – қатынас кезінде әрбір сөйлеушінің түсінетін тіліне ішкі сөйлеу арқылы аударылады. Ішкі сөйлеушінің мәселесімен алғаш айналысқан – Л.С.Выготский. Ішкі сөйлеу – басқа әрекеттерге қарағанда күрделенген, өзіндік ерекшелігі бар әрекет. түсінетін тіліне ішкі сөйлеу арқылы аударылады. Ішкі сөйлеу – басқа әрекеттерге қарағанда күрделенген, өзіндік ерекшелігі бар әрекет. Ішкі сөйлеуде ойдың өңделу процесі іске асады.

Ауызша, жазбаша байланыстырып сөйлеу жеке – жеке сөйлемдер құрастыруды емес, бірнеше сөйлемнің басын құрап, әрі грамматикалық, әрі мағыналық жағынан байланыстырып, тұтас мәтін түрінде сөйлеуді талап етеді. Демек, байланыстыра сөйлеудің түпкі нәтижесі шығарма, әңгіме, яғни мәтін болуы тиіс. Бұған дәлелді проф С.Рахметованың мына пікірінен анық байқауға болады: «байланыстыра сөйлеу дегеніміз – логика мен грамматиканың заңы бойынша құрылған, белгілі бір тақырыпта аяқталған ойды білдіретін және өзара байланыста азды – көпті бөліктерден тұратын бірлестік». Бұл анықтамаға зер салып қарасақ, мәтінге қатысты белгілерді аңғару қиын емес. Олай болса, бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту – мәтін құрастыру деген сөз.

Әлемнің өркениетті елдерінің қатарына қарыштап қадам басқан өз еліміздің болашақ иегерлерін тәрбиелеу ісінде жаңа өзгерістер қажеттілігі де басым еді. Қоғамның болашақ азаматтарының жаңа өмірге көзқарасын қалыптастыру жолдарын нақтылау зиялы қауымның, мұғалімдердің үлгісінде болады. Өйткені, халқымыз жас ұрпақты оқытып-тәрбиелеу жайында үнемі 54 небір сындарлы пікірлер айтып, оған көп көңіл бөлгендігі баршамызға да белгілі. Сондықтан оның берік негізі өскелең ұрпаққа тәрбиені дұрыс жолға қоя білуіне байланысты болмақ. Бүгінгі таңда өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлу міндеті тек мектепке емес, қоғамға жүктеліп тұр. Баршамыз тәуелсіз мемлекеттің болашағына зор сеніммен қарау үшін оқушы бойына өмірге қажетті бүкіл қасиеттерді қалыптастыру қажет. [4.129]

Бастауыш сыныптарға арналған қазақ тілі «сауат ашу», «оқу және тіл дамыту», «Грамматика, емле және тіл дамыту» бөлімдерінен тұрады. Бөлімдердің бұлай аталуынан бастауыш оқыту жүйесінде қазақ тілі мен ана тілі пәндерінен білім беру оқушылардың тілін дамыту міндетімен байланыстыра жүргізілетініне көрінеді. Яғни тіл дамыту сауат ашудың бірінші

сабағынан басталып, оқуды, грамматика мен емлені үйретуге арналған сабақтарда үзбей жүргізіліп отырылады. Мұның өзі жыл бойы оқушылардың сөздік қорын молықтырып тілін, морфологиялық тұлғалармен, синтаксистік құрылымдармен байытуды, ауызша, жазбаша мәтін түзуге дағдыландыруды көздейді әрі соны міндеттейді. Олай болса, оқушыларды байланыстыра сөйлеуге үйрету қазақ тілін оқыту жүйесінде басқа барлық міндеттерді біріктіре атқарады және соларға негіз болады. Сөйтіп қазақ тілін оқытудағы дыбыс, сөз, сөйлем жүйелері және емле жүйесінде берілетін лингвистикалық ұғымдар мен осы бөлімдерді оқытудың әдіс – тәсілдері тіл дамытудың (мәтін түзудің) лингвистикалық және әдістеелік негізін құрайды.[5.26]

Мәтінге тән ғылыми белгілер

1. тақырыптық – мазмұндық бірлігі мен тиянақтылығы
2. Коммуникативті мақсаттылығы, прагматикалық бағыттылығы
3. құрылымдық біртұтастығы
4. құрылымдық – логикалық жүйелілігі

Бастауыш сыныпта берілетін негізгі түсініктер

1. Мәтіндегі берілетін (ауызекә, жазбаша) ой, пікір, мазмұн белгілі бір тақырыпқа негізделеді, яғн мәтін белгілі бір тақырыта аяқталған ойды білдіреді.
2. мәтінде барлық уақытта негізгі ой болады.
3. мәтінді құрылымдық бөлімдерге бөлуге болады.
4. мәтіннің құрылымдық – мазмұндық бөлімдері және ондағы сөйлемдер бір – бірімен жүйелі түрде байланысады.

Ең алдымен, мәтіннің тақырыптық – мазмұндық бірлігі деген мәселеге тоқталайық. Ол үшін бірінші кезекте «тақырып» ұғымының мәнін ашып алған жөн.[6.9]

Бұл мәселеде де ғұлама ғалым А.Байтұрсыновтың пікіріне жүгінуге тура келеді: «Тақырып – әңгімедегі пікір не туралы болса, сол нәрсе шығарманың тақырыбы болады. Мәселен, пікір жаз туралы болса, шығарманың тақырыбы «жаз» болады. Әңгімедегі пікір не туралы екенін күн ілгерібілдіру үшін, шығарманың тақырыбы басына қойылады. «Айман – Шолпан», «бақытсыз Жамал» ... деген сөздер шығарма тақырыптары болады және бұл сөздер «Айман – Шолпан», «бақытсыз Жамал» турасында айтылатын әңгімелердің басында тұрады».

Ғалымның бұл сөздерінен біз, біріншіден, тақырып, әңгіменің (мәтіннің) арқауы, өзегі, объектісі екендігін білдік, екіншіден, тақырып мәтіннің ішіндегі пікірді алдын ала анықтап, оқушыға әңгіменің мазмұны жайлы білдіріп тұратынын аңғардық.

Енді «мазмұн» деген ұғымды анықтап алайық. Тағы да А.Байтұрсыновқа оралайық: «..... мазмұн дегеніміз бір нәрсе туралы ойға алған пікірді айтуға жұмсағанбүкіл сөзіміз мазмұн болып шығады».

Келтірілген екі анықтамадан шығатын қорытынды: тақырып «пікір не нәрсе туралы екенін білдірсе, мазмұн «бір нәрсе туралы ойға алған пікірді».

Кез келген адам ойын дұрыс әрі жатық, әсерлі жеткізуге тырысады. Себебі сол арқылы басқалармен оң қарым – қатынас орнатып, көздеген мақсатына жетуге мүдделі болады. Нақтырақ айтсақ, мәнсіз, мағынасыз сөздің өзі оны тиісті жерінде мәнерлеп, әсерлеп жеткізе білгенде ғана құдіретті күшке айналады. [7.35]

Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын байыту үшін, сөз таңдау және сөз қолдану шеберлігін қалыптастыру үшін, тілдік талғамын арттыру үшін мәтіннің әңгімелеу, сипаттау, пайымдау түрлерін құрауды, олардың ерекшеліктерін, сөйлемдердің байланыстыру тәсілдерін үйретудің маңызы зор.

Аннотация

В статье анализируются теоретические особенности и педагогические принципы обучения тексту, рассматриваются структурные и содержательные части текста (тема, план, содержание и типы функций), эффективные подходы и методы формирования знаний и навыков написания текстов с теоретическими знаниями, а также методические предпосылки способности студента к устной и письменной речи в начальных классах.

Ключевые слова: текст, эссе, тема, план, содержание, целостность текста, логика, последовательность, формирование текста, устная речь, письменная речь, связывающая речь, эффективные методы, эффективные подходы, знание, навыки, речевая деятельность.

Abstract

The article deals with analyze of the theoretical features and pedagogical principles of text teaching, the structural and content parts of the text (topic, plan, content and types of features, the effective ways and methods of forming the knowledge and skills of writing texts with theoretical knowledge, and the student's ability to write and spoken texts are considered and teaching a written approach at primary school.

Key words: text, essay, topic, plan, content The completeness of the text, logic, consistency, word formation, spoken and written speech, interconnected speech, effective methodology, effective methods, knowledge, skills, language proficiency.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы, 1992. – 263 б

2. Шалабаев Б. Көркем әдебиет тілі және оны мектепте оқыту. - Алматы, 1982. – 96 б.
3. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту теориясы мен технологиясы. – Алматы, 2009. – 113 б.
4. Туленова Ұ.Т., Қадырова Қ.Н. Бастауыш сынып оқушыларының еңбек технологиясы арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. - № 4 (55). – Атырау, 2019. – 54 б.
5. Сламбекова Н. Жазбаша сөйлеу өнері. - Алматы, 2008 – 26 б.
6. Турдалиев Г. Бастауыш сынып оқушыларының жазбаша байланыстарын сөйлеу әдістемесі // Автореферат п.ғ.к. - Алматы, 2008. – 9 б.
7. Қалимұқашева Б. Сөйлеу мәдениеті және шешендік өнер. - Астана, 2016. – 35 б.

IRSTI 14.07.07

Tleugaliyeva A., Temirtassova A.
Kh.DosmukhamedovAtyrau State University
Atyrau, Republic of Kazakhstan

a.temirtasova@asu.edu.kz

FEATURES OF TEACHING FOREIGN LANGUAGES USING INTERACTIVE FORMS AND TEACHING METHODS

Abstract

The purpose of using interactive methods and techniques in teaching foreign languages is the social interaction of students, interpersonal communication, the most important feature of which is the person's ability to "take on the role of another", to imagine how the communication partner perceives it, interpret the situation and design their own actions. Interactivity in relation to teaching a foreign language is understood as the speech interaction of two or more people in the process of communication.

Key words: interactivity, the process of learning, development, a foreign language, new technologies.

The 21st century is the age of advanced technology. Thus, the effective use of new technologies in the education system is a requirement of the time. This is especially beneficial while learning a foreign language. Because by learning a language, people learn the culture and potential of the entire nation. Teaching using interactive methods in various fields of human activity, including education, is very important today. In the process of learning by the usual method of